

Девиантты (ауытқымалы) мінез-құлық деп біз ресми қабылданған немесе белгіленген қоғамдық нормаларға сай келмейтін, қоғам тарапынан мақұлданбайтын мінез-құлықты айтамыз.

ДЕВИАЦИЯ

- (латынның «*deviatio*» тыңдамау, ауытқу деген сөзінен шыққан) баланың қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауы дегенді білдіреді.
- «Девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық», «бейөлеуметтік мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады.

Девияция

бірнеше типке бөлінеді:

- Девиантты
- Делинквентті
- Криминалды мінез-құлық
- Бейәлеуметтік мінез-құлық

Девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы

Оқушылардың психологиялық ерекшеліктері (бұзылған ақпараттық, қызығушылық, тұлғалық)

Құрылымдық ерекшеліктер (оқушының құрылымдық және қызығушылық)

Сыртқы жағдайлардың өзгеруі және әрекеттері

Тұлғалардың өзіндік әрекеттерінің өзгеруі және әрекеттері

Қызығушылық және әрекеттерінің өзгеруі

Агрессивтілік ерекшеліктері (тұлғалардың өзіндік әрекеттері, бұзылған ақпараттық және қызығушылық)

Девиацияның формалары:

- Бастапқы девиация – ауытқудың аса қауіпті болмауы, бірінші рет кездесуі;
- Қайталама девиация – қайталанатын, әдейі жасалатын ауытқу;
- Деадаптация – жаңа нормаларға бейімделе алмау;
- Деликвенттілік – заң нормаларын бұзатын девиация;
- Аддикция – бір нәрсеге деген құштарлық, құмарлық (клептомания).
- Криминогендік – заң бұзу нормаға айналатын жағдай.

Ауытқымалы (девиантты) мінез-құлықтың негізгі белгілері:

- 1) Девиантты мінез-құлық пен оны көрсететін тұлға өзге тұлғалар тарапынан айыпталады (әлеуметтік санкциялар).
- 2) Ол тұлғаның өзіне немесе оны қоршаған тұлғаларға нақты залал келтіреді. Осылайша, девиантты мінез-құлық деструктивті әрекет жасайды.
- 3) Оны тұрақты түрде қайталанатын және ұзақ мерзімді мінез-құлық ретінде анықтаймыз.
- 4) Ол айқын даралықты және жас ерекшелікті-жыныстық сипатқа ие болады.
- 5) Ол әлеуметтік дезадаптация құбылыстарымен қатарласа жүреді.

Девиантты мінез-құлық 5 жастан бастап жүруі мүмкін.

Девиантты мінез құлықты әлеуметтанулық тұрғыдан ең алғаш болып Э.Дюркгейм түсіндірді. Ол әлеуметтік және мәдени факторлардың мәнін ашатын “аномия” түсінігін ұсынды. Аномия бұл реттіліктің, заңдылықтың болмауы.

Сонымен қатар, девиантты мінез құлықты зерттеген Р.Мертон болып табылады. Р.Мертон девиацияның себебі қоғамның мәдени мақсаттары мен оған қол жеткізудің әлеуметтік қолдау тапқан құралдары арасындағы алшақтықта деп санайды. Р.Мертонның пікірі бойынша адамдар алдына мақсат қояды, сол мақсатқа жету үшін түрлі жолдарды таңдайды. Мәселен, жақсы немесе жаман жолдар. Жақсы жолмен мақсатына жете алмаған адам жаман жолмен жетуі мүмкін, бұны да девиацияның бір түріне жатқызуға болады.

Девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторлары:

- өзін-өзі басқарудың төменділігі;
- әлеуметтік нормаларды түсіну дәрежесінің төмендігі;
- ата-аналардың әсер етуінің тиімсіздігі;
- физикалық жазалау;
- отбасының құлдырауы, жанұяда берекенің болмауы;
- ерте ішімдікке салыну, таксикомания, нашақорлық;
- әлеуметтік қанағатсыздану;
- асоциальды топтарға қосылу.
- ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмауы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары.

* 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында девиантты мінез-құлықтың биологиялық және психологиялық себептерін түсіндіретін трактаттар шыға бастады.

* Италиялық дәрігер Ч. Ломброзо қылмыстық әрекет пен адамның биологиялық ерекшеліктері тікелей байланысты деп түсіндіреді. Американдық психолог В. Шелдон да адамның дене бітімінің маңыздылығы деп көрсетеді.

Девиантты мінез-құлық

Агрессия

Оқудан, еңбектен бет бұру

Үйден кету

Демонстрация

Қоғамға жат-қылықтар

Жыныстық жат мінез-құлық

Ішімдікке әуестену

Нашақорлық

Суицид